

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының Регламенті

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының 7 наурыздағы 2007 жылғы қаулысымен БЕКІТІЛДІ.

1-тарау. Жалпы мәселелер

1-тармақ. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес жалпы отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының органы болып табылады. Оның мәртебесі, өкілеттілігі, отырыстарды өткізудің шарттары мен тәртібі, Жоғарғы Сот Төрағасының, жалпы отырыс хатшысының уәкілеттілігі, жалпы отырысқа сұрақтарды дайындау процедурасы Конституциялық заңмен, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" , "Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы туралы" заңдарымен, "Сот жюриі туралы Ережемен", "Судьялардың республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік алқасы туралы Ережесімен" және осы Регламентпен анықталады.

2-тармақ. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

- 1) алқалардың сандық және дербестелінген құрамын белгілейді;
- 2) сот тәжірибесін зерделейді және оны қорыту нәтижелері бойынша Республика соттарының сот төрелігін атқару кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды;
- 3) сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсініктемелер беретін нормативтік қаулыларды қабылдайды және заңдарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 4) заңға сәйкес сот істерін қадағалау тәртібінде қарайды;
- 5) Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының, уәкілетті органның басшысының, Сот жюриі төрағасының, Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасы төрағасының ақпаратын тыңдайды;
- 6) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;
- 7) облыстық соттың төрағасы және алқа төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы және судьясы қызметінің бос орындарына кандидатуралар талқылайды және тиісті қорытынды шығарады;
- 8) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша жалпы отырыстың хатшысын және ғылыми-консультациялық кеңестің құрамын бекітеді, сондай-ақ Сот жюриінің және Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының мүшелерін жасырын дауыс беру арқылы сайлайды;
- 9) сот төрелігін атқару жөнінде төменгі көрсеткіштерге ие болған немесе сот істерін қарау кезіндегі заң бұзушылықтары үшін екі не одан да көп тәртіптік жазасы бар

судьяға қатысты материалдарды Сот журииіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылаудың нәтижелері бойынша тиісті шешім шығарады;

10) Жоғары Сот Кеңесі құрамына тағайындау үшін судьяларды ұсынады және Әділет біліктілік алқасы құрамына судьяларды сайлайды;

11) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша сот журииінің және Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының мүшелерін босату туралы мәселені шешеді;

12) облыстық және оған теңестірілген соттардың төрағаларынан ант қабылдайды;

13) заңмен белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тармақ. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Төраға, алқа төрағалары және Жоғарғы Сот судьялары құрамында әрекет етеді және Қазақстан Республикасы Президентімен белгіленген Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі болған жағдайда құқылы болады.

Нормативтік қаулыларды қабылдаған кезде жалпы отырысқа Конституциялық Кеңестің Төрағасы, Бас Прокурор, Әділет министрі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің өкілі, ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелері және басқа да тұлғалар шақырылады.

4-тармақ. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы жылына кемінде екі рет шақырылады. Кезектен тыс жалпы отырыс Жоғарғы Сот Төрағасының бастамасы бойынша шақырылады. Жалпы отырыстың нормативтік қаулыларды қабылдау бойынша жұмысы жарты жылдыққа жоспарланады. Жоспарға енгізілетін ұсыныстарды: Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқаларының төрағалары және судьялары, Бас Прокурор, облыстық және оған теңестірілген соттардың төрағалары бере алады.

5-тармақ. Жалпы отырыс Жоғарғы Сот Төрағасының төрағалық етуімен жүргізіледі.

Жалпы отырыстың барлық қаулыларына төрағалық етуші және жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

Жалпы отырыс қызметін қамтамасыз ету тобының мемлекеттік қызметшілері ішінен анықталған техникалық хатшы жалпы отырыстың хаттамасын жүргізеді.

6-тармақ. Жалпы отырыс хатшысының кворумның бар екендігі және жалпы отырыстың жұмысына шақырылған тұлғалардың қатысуы туралы баяндамасынан кейін отырысты ашу туралы мәселе шешіледі.

7-тармақ. Күн тәртібі, оған толықтырулар және жұмыс тәртібі қатысып отырған Жоғарғы Сот судьяларының көпшілігінің ашық дауыс беруімен бекітіледі.

8-тармақ. Жалпы отырыс барысында төрағалық етуші:

отырыстың жалпы барысын басқарады, осы Регламенттің сақталуын бақылайды;

кезектілік тәртібімен, күн тәртібіне, осы Регламент талаптарына сәйкес немесе жалпы отырыс шешімімен анықталған өзге де тәртіпте сөйлеу үшін сөз береді;

процедуралық мәселелер бойынша кезектіліктен тыс сөз береді;

әрбір ұсынысты келіп түсу тәртібінде дауысқа салады;

ашық дауыс беруді және дауыстарды санауды ұйымдастырады, дауыс беру нәтижелерін жариялайды;

осы Регламенттің ережелері бұзылған жағдайда жалпы отырыстың қатысушыларына ескерту жасауға құқылы, ал қайта бұзу кезінде оларды сөз сөйлеуден айыруы мүмкін;

жалпы отырыс жұмысына шақырылған кедергі келтіруші тұлғаларды ескертуден кейін отырыс залынан шығартуға құқылы.

9-тармақ. Жалпы отырыстың қаулылары, соның ішінде сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсініктемелер беретін нормативтік қаулыда Қазақстан Республикасы Президентімен белгіленген Жоғарғы Сот судьялары санының құрамынан көпшілік ашық дауыс беруімен қабылданады.

Жоғарғы Сот судьясының ұсынысы бойынша көпшілікпен мақұлданған кадр және өзге де мәселелерді қарау кезінде дауыс беру жасырын өткізілуі мүмкін.

10-тармақ. Процедуралық мәселелер бойынша жалпы отырыстың шешімдері жалпы отырысқа қатысушы Жоғарғы Сот судьяларының ашық дауыс беруімен көпшілік дауыспен қабылданады.

Процедуралық мәселелер: күн тәртібін бекіту, жүргізу тәртібі туралы, үзіліс, отырысты кейінге қалдыру туралы мәселелерді талқылау кезектілігі туралы, жарыссөздерін тоқтату туралы, сөз сөйлеу уақытын шектеу немесе ұзарту туралы, дауыс беру тәсілдері туралы, кворумды және дауыстарды қайта есептеуді растау туралы болып табылады.

11-тармақ. Дауыс беруді бастаудың алдында төрағалық етуші дауысқа салуға қойылған ұсыныстардың санын көрсетеді, олардың тұжырымдарын нақтылайды, өз ұсыныстарын кімдердің шақыртып алғанын анықтайды, жалпы отырыс мүшелерінің дауыс беру (жасырын немесе ашық) тәсілі туралы пікірін анықтайды.

12-тармақ. Дауыс беру кезінде Төраға, алқа төрағалары және Жоғарғы Сот судьясы бір дауысқа ие және оны ұсынысты қолдау үшін немесе оған қарсы береді. Дауыс беруден ешкім қалыс қалуға құқылы емес. Дауыстар тең түскен жағдайда шешім қабылданбаған деп есептеледі.

13-тармақ. Жасырын дауыс беруді өткізу және оның нәтижелерін анықтау үшін жалпы отырыс көпшілік дауыспен құрамында кемінде Жоғарғы Соттың үш судьясынан тұратын есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы өзінің төрағасы мен хатшысын дербес сайлайды. Есеп комиссиясының құрамына кандидатуралары бос лауазымға немесе сайланбалы органдар құрамына ұсынылып отырған тұлғалар енгізілмейді. Жалпы отырыс есеп комиссиясын сайлау туралы хаттамалық шешім қабылдайды.

14-тармақ. Дауыс беру үшін қажетті ақпараты бар бюллетеньдер есеп комиссиясы белгілеген нысанда және санда шығарылады.

15-тармақ. Дауыс берудің уақыты мен орнын, оны жүргізудің ретін есеп комиссиясы белгілейді және оның төрағасымен хабарланады.

16-тармақ. Әрбір дауыс берушіге мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылған бір бюллетень беріледі. Кандидатуралар жөніндегі пікір "жақтап дауыс беремін" немесе "қарсы дауыс беремін" деген графаға тиісті кандидаттың тегінің тұсына белгі қою жолымен білдіріледі. Дауыс беруші өз қалауы бойынша бюллетеньнің тілін тандайды.

17-тармақ. Дауыс берушінің еркіндігін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз болып есептеледі. Егер бюллетеньде дауыс берушінің кейбір кандидаттарға қатысты еркі білдіріліп, ал басқа кандидаттарға қатысты еркін анықтау мүмкін болмаса, онда дауысты санау кезінде "жақтап дауыс беремін" немесе "қарсы дауыс беремін" деген графадағы белгі тиісті кандидаттың пайдасына немесе оған қарсы ескеріледі. Бюллетеньге қосымша жазылған тұлғалар дауыс берген және дауысты санаған кезде ескерілмейді.

18-тармақ. Мөр басылған урна есеп комиссиясының барлық мүшелерінің қатысуымен ашылады. Есеп комиссиясы жасырын дауыс берудің нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды. Есеп комиссиясы төрағасының баяндамасы бойынша жалпы отырыс ашық дауыспен есеп комиссиясының хаттамасын бекітеді. Жалпы отырыстың шешімі бойынша дауыс берудің нәтижелері бюллетеньдермен салыстырылуы мүмкін.

19-тармақ. Жалпы отырыс қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен жұмысты Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі ұйымдастырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері өздерінің жалпы отырыс мәжілістеріндегі қызметін "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңға және осы Регламентке сәйкес жүргізеді.

20-тармақ. Жалпы отырыстың жұмысына жағдай жасау, отырысқа синхронды аударма және оған материалдарды дайындау, мәжіліс залын техникалық қамтамасыз ету Жоғарғы Соттың Аппаратына жүктеледі.

2-тарау. Сот практикасының мәселелері бойынша түсінік беретін нормативтік қаулыларды қабылдау жөніндегі жалпы отырысты дайындаудың және өткізудің, сот практикасын зерделеудің тәртібі

21-тармақ. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 21-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес Жоғарғы Сот алқасының төрағасы заңдарды қолданудың сот практикасын зерттеу және қорыту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысында тиісті құжаттарды қарау үшін судьялардың дайындауын қамтамасыз етеді. Осы мақсаттарда сот практикасын зерттеу және қорыту алқаның ағымдағы жұмыс жоспарына және Жоғарғы Соттың келешектегі жұмыс жоспарына енгізіледі.

22-тармақ. Жалпы отырыстың жұмыс жоспарына сәйкес баяндамашы - судья жалпы отырысты өткізгенге дейін 5 ай бұрын жергілікті соттардан сот практикасын қорыту

үшін істерді сұратады, оны өткізгенге дейін 3 ай бұрын нормативтік қаулының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жобасын дайындайды.

Нормативтік қаулының мәтіні "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптары, әдеби тіл нормалары мен заң терминологиясы сақтала отырып баяндалады, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Тармақтың мәтіні басқа тармақтарда, сондай-ақ Жоғарғы Соттың бұрын қабылданған нормативтік қаулыларында қайталап баяндалмауы тиіс.

Нормативтік қаулыда 25-30 тармақ болуы және оның мәтіні 10-15 баспа парақ көлемінен аспай мазмұндалуы тиіс.

23-тармақ. Судья дайындаған қаулының жобасы он бес күндік мерзім ішінде судьяларға таратылады және жалпы отырыс хатшысының қатысуымен, принципті ұстанымдар бойынша алқаның пікірін анықтау үшін тиісті алқада талқыланады. Отырыс алқа төрағасымен өткізіледі. Сонымен қатар алқа отырысына қандай да бір алқаға қатыстылығына қарамастан, шақырылған барлық судьялар қатысады. Нормативтік қаулылардың жобалары сот қызметінің жалпы мәселелері бойынша барлық алқаларда талқыланады, оған берілген өзгерістер мен толықтырулар баяндамашы - судьяға ұсынылады. Алқаның және судьялардың ескертпелерін ескеріп, нормативтік қаулы жобасының жетілдірілген нұсқасы, алқа төрағасымен (төрағаларымен) және баяндамашы - судьялармен қол қойылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз және электрондық нұсқада жалпы отырыс хатшысына тапсырылады.

24-тармақ. Жалпы отырыстың хатшысы нормативтік қаулының жобасын пікір айту үшін Жоғарғы Соттың судьяларына, Конституциялық Кеңестің Төрағасына, Бас Прокурорға, Әділет министріне, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне, облыстық судьяларға, Судьялар одағына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелеріне және басқа да мүдделі тұлғалар мен ведомстволарға жалпы отырысқа дейін екі айдан кешіктірмей жібереді. Жоба Жоғарғы Сот Веб-сайтының "Жоғарғы Соттың Жалпы отырысы" айдарында жарияланады.

Қажет болған жағдайда нормативтік қаулының жобасы мамандандырылған заң басылымдарында жариялы түрде талқылануы үшін жариялануы мүмкін және оның апробациясы жергілікті соттарға барумен жүргізіледі.

25-тармақ. Мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, азаматтар мен ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелерінен келіп түскен ұсыныстар мен ескертулер баяндамашы-судьямен қорытындыланады. Баяндамашы-судьяның ұсынысы бойынша алқа төрағасы жалпы отырыста осы мәселе қаралғанға дейін 30 күннен кешіктірмей ғылыми-консультациялық кеңестің отырысы өткізілетін күнді белгілейді. Жалпы отырыстың хатшысы ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелерін отырыстың күні, қажетті материалдарды ұсынумен қаралатын мәселелердің тізбесі және оны өткізетін уақыты туралы хабарлайды. Ғылыми-консультациялық кеңестің отырысы

тиісті алқаның төрағасының басшылығымен, жалпы отырыс хатшысының, баяндамашы-судьяның, ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қатысуымен өтеді.

Ғылыми-консультациялық кеңес қараған қорытынды бойынша баяндамашы-судья тиісті алқада талқылауға енгізілетін нормативтік қаулының жобасын алдын ала дайындайды.

Жоғарғы Соттың алқасы, жалпы отырыс хатшысының басқа алқалардан шақырылған судьялардың қатысуымен бірге нормативтік қаулының жобасы бойынша барлық келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарға өз ұстанымдарын анықтайды. Ескерілетін жағдайда ғана жекелеген тармақтардың мазмұны баламалы нұсқаларда алынады. Нормативтік қаулы жобасының түпкілікті, жетілдірілген нұсқасы, алқа төрағасымен және баяндамашы - судьямен қол қойылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде, жалпы отырыста қаралғанға дейін 25 күннен кешіктірілмей жалпы отырыс хатшысына тапсырылады.

Нормативтік қаулының жобасы жалпы отырысқа дейін 20 күннен кешіктірілмей Жоғарғы Соттың Төрағасына баяндалады.

26-тармақ. Жалпы отырыстың хатшысы Жоғарғы Соттың Төрағасымен келісіп жалпы отырыстың күн тәртібін құрастырады және оны түпкілікті өткізу күнін жалпы отырысқа 15 күн қалғанға дейін анықтайды. Күн тәртібінде қаралатын мәселелерді, өткізілетін күні мен уақытын және орнын көрсетіп Жоғарғы Сот Төрағасы және жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

27-тармақ. Сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін мәселелерді жалпы отырыста талқылау: судьяның баяндамасы, Жоғарғы Сот судьяларының, мүдделі мемлекеттік орган өкілінің сөз сөйлеуі, ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелерінің сөз сөйлеулері түрінде өткізіледі. Талқыланып отырған мәселе бойынша Конституциялық Кеңес Төрағасының, Бас Прокурордың, Әділет министрінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі өкілінің пікірі тыңдалады.

28-тармақ . Жалпы отырыстың баяндамасы 15 минут шегінде жүргізіледі, қосымша баяндамашыларға - 7 минутқа дейін, жарыссөзде сөз сөйлеушілерге - 5 минутқа дейін, кандидатураларды талқылау кезінде - 3 минутқа дейін, процедуралық мәселелер жөнінде сөз сөйлеуге, анықтамалар мен сұрақтар қою үшін - 2 минутқа дейін беріледі. Жарыссөз біткен соң баяндамашының және қосымша баяндамашының қорытынды сөзбен және сұрақтарға жауаптар беріп 5-7 минут шегінде сөз сөйлеуге құқығы бар.

Қажеттілік болған жағдайда басқа уақыт белгіленуі мүмкін.

Баяндаманың мәтіндері және сөз сөйлеулері жалпы отырыстың хаттамасына тіркеу үшін техникалық хатшыға беріледі.

29-тармақ . Нормативтік қаулыны қабылдау кезінде төрағалық етуші қаулының жобасының әрбір тармағын енгізілген түзетулерімен, ал содан кейін жобаны

толығымен дауыс беруге қояды. Егер осы тәртіпке қарсылық жоқ болса, жалпы отырыс жоба бойынша толығымен дауыс беру туралы шешім қабылдай алады.

30-тармақ. Нормативтік қаулының жобасын жетілдіру қажет болған жағдайда жалпы отырыста айтылған ескертулер және ұсыныстарды есепке алу үшін редакциялық комиссия сайланады, олар 10-15 күн ішінде нормативтік қаулының келісілген мәтінін дайындайды. Редакциялық комиссияның құрамына жалпы отырыстың хатшысы, баяндамашы судья, Жоғарғы Соттың судьялары, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Нормативтік қаулының соңғы мәтіні мемлекеттік және орыс тілдерінде алқа төрағасының және баяндамашы судьяның бұрыштамасымен жалпы отырыстың хатшысына беріледі.

31-тармақ . Жалпы отырыстың хатшысы Жоғарғы Сот Төрағасымен келісе отырып нормативтік қаулының соңғы нұсқасын қабылдау жөнінде жалпы отырыстың күнін белгілейді.

Жалпы отырыста, тиісті алқаның төрағасы нормативтік қаулының жобасы жөнінде айтылған ұсыныстар бойынша істелген жұмыс туралы мәлімдейді және жетілдірілген нұсқасын қабылдауға ұсынады.

Нормативтік қаулы Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санының көпшілік ашық дауысымен қабылданады.

32-тармақ . Нормативтік қаулының жобасын заң техникасымен, заңдармен, грамматиканың ережелерімен сәйкес келтіру үшін жалпы отырыстың хатшысымен, баяндамашы судьямен, Жоғарғы Сот Аппаратының Редакциялық-баспа бөлімімен (мемлекеттік тілдегі мәтіні) жетілдіріледі.

Жалпы отырыстың нормативтік қаулысының мәтіндері мемлекеттік және орыс тілдерінде баяндамашы судьяның, алқа төрағасының және Редакциялық-баспа бөлімі меңгерушісінің (мемлекеттік тілдегі мәтіндер үшін) оны қабылдағаннан кейін 5 күннен кешіктірілмей орындаушылармен жалпы отырыстың хатшысына беріледі. Нормативтік қаулыда жалпы отырыстың оны түпкілікті қабылдаған күні көрсетіледі.

Жалпы отырыстың хатшысы қаулыға қол қояды және оны Жоғарғы Соттың Төрағасына береді.

Нормативтік қаулының қол қойылған мәтіндерін жалпы отырыстың хатшысы 10 күн ішінде мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің РҚАО (Республикалық құқықтық ақпарат орталығына) қағаз және электрондық нұсқада , сондай-ақ газеттердің редакцияларына жариялау үшін жібереді.

33-тармақ. Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының уақытысында жариялануын және жарияланған мәтіндердің қабылданғанымен сәйкес келуін бақылау жалпы отырыстың хатшысына жүктеледі.

34-тармақ. Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша немесе жалпы отырыстың 1/3 құрамының бастамасы бойынша, Конституцияға және заңдарға сәйкессіздік негіздері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының

наразылығы бойынша жалпы отырыс қабылдаған нормативтік қаулыны немесе оның жекелеген тармақтарын жалпы отырыстың өзі қайта қарауы мүмкін.

35-тармақ. Сот практикасын зерделеудің нәтижелері бойынша, нормативтік қаулыны қабылдаған кезде, жалпы отырыс Қазақстан Республикасы Парламентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс беруге құқылы.

3-тарау. Жалпы отырыстың қадағалау тәртібімен сот істерін қайта қарау тәртібі

36-тармақ . Жалпы отырыста қарау үшін түскен іс Жоғарғы Сот Төрағасының бұрыштамасымен қадағалау алқасының судьясына зерделеуге және қарауға дайындау үшін беріледі.

37-тармақ . Жалпы отырыстың қызметін қамтамасыз ету тобының қызметкерлері баяндамашы - судьяның келісімімен Бас Прокурорға және тараптарға істі қарау күні, уақыты және орны туралы оларға ұсынымдардың (наразылықтың) көшірмелерін жіберу арқылы хабарлайды.

38-тармақ . Жалпы отырыста істі қарау Жоғарғы Сот Төрағасының немесе Бас Прокурордың жалпы отырыспен істі қадағалау тәртібінде қайта қараудың себебі және негіздері туралы баяндамасымен басталады.

Аталған тұлғалардың баяндамаларынан кейін баяндамашы-судья істің нақтылы мән-жайын баяндайды.

Жоғарғы Сот судьялары қаралып жатқан іс бойынша сұрақтар қоюға және өздерінің пікірлерін айтуға құқылы.

Қажет болған жағдайда жалпы отырыста прокурордың, тараптардың және іске қатысушы өзге де тұлғалардың қарастырылып жатқан мәселенің мәні бойынша пікірлері тыңдалуы мүмкін.

Сот актісінің күшін жою немесе күшінде қалдыру туралы жалпы отырыстың шешімі ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

39-тармақ . Жалпы отырыстың істің қаралу нәтижелері бойынша қаулысы бес күндік мерзімде баяндамашы-судьямен дайындалынады және Жоғарғы Сот Төрағасы мен жалпы отырыс хатшысының қолдары қойылады және тараптарға жіберіледі.

4-тарау. Алқалардың құрамдарын бекіту, сайлау, кандидатураларды ұсыну, бекіту, ақпараттарды тыңдау, ант қабылдау

40-тармақ . Жоғарғы Соттың сандық және арнайы алқа құрамы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша ашық дауыспен жалпы отырыспен бекітіледі.

Жоғарғы Сот судьяларын бір алқа құрамынан басқа алқаға ауыстыру, сондай-ақ жаңадан сайланған судьяларды алқа құрамына бекіту Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша жалпы отырыспен жүргізіледі.

41-тармақ . Сот жюриінің арнайы құрамы бойынша ұсынысты Жоғарғы Сот Төрағасы баламалы сайлаудың қамтамасыз етілуін ескере отырып енгізеді. Мұндай

жағдайда дауыс беру үшін тізімге Жоғарғы Сот судьяларының, жергілікті сот судьялары мен орнынан түскен судьялардың кандидатуралары енгізіледі.

Жоғарғы Сот судьяларының көпшілік дауысын алған және бір реттегі кандидаттарға қарағанда көп дауыс санын алған кандидат Сот жюри құрамына сайланды деп есептеледі. Әрбір дауыс беруші Сот жюриі құрамына кандидаттың әрбіреуіне қатысты "жақтап дауыс беремін" немесе "қарсы дауыс беремін" деген өзінің пікірін білдіруге құқылы.

Сайланушыдан кейінгі дауыс санын алған кандидат Сот жюриінің запастағы мүшесі болып есептеледі және Сот жюриі мүшесінің бас тарту немесе өздігінен бас тарту, науқастануы, ұзақ іс-сапарларда және т.б. жағдайларда кворумның болмауына әкелгенде Сот жюриі мүшесінің міндеттерін атқарады.

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша Сот жюриінің Төрағасы Сот жюриінің құрамымен оның мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады. Сот жюриі өз мүшелерінің ішінен Сот жюриінің хатшысын сайлайды.

42-тармақ . Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының мүшелері Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша жалпы отырыспен сайланады.

Егер Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасы құрамына қажетті кандидаттардан көбірек ұсынылса және олардың барлығы бірдей Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санының дауысынан жоғары дауыс ала алмаса, басқа кандидаттарға қарағанда жоғары дауыс алған кандидаттар қатысатын қайта сайлау ұйымдастырылады.

43-тармақ . Қайта дауыс беру кезінде, басқа кандидаттармен салыстырғанда Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының құрамын толық қалыптастыру үшін қажетті санда жоғары дауыс алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

44-тармақ . Сот жюри, Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының құрамынан судьялар шыққан жағдайда, шыққан мүшенің қалған өкілеттік мерзіміне сайлау жөнінде қосымша сайлау кезекті (кезектен тыс) жалпы отырыста осы Регламенттің белгіленген процедурасы бойынша өткізіледі.

45-тармақ . Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша ашық дауыс берумен жалпы отырыс хатшысы және ғылыми-консультациялық кеңестің мүшелері бекітіледі, Жоғары Сот Кеңесінің құрамына тағайындау үшін судьялар ұсынылады және Әділет біліктілік алқасының құрамына судьялар таңдалады, Сот жюриінің және Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының төрағалары мен мүшелері өз міндеттерін орындаудан босатылады. Облыстық және оған теңестірілген соттардың, аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары Жоғары Сот Кеңесі мен Әділет біліктілік алқасының құрамына облыстық және оларға теңестірілген соттардың жалпы отырыстарының шешімдерінің негізінде ұсынылады (сайланады).

46-тармақ . Жалпы отырыс жыл сайын Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің, Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының, Сот жюриі және Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының қызметтері туралы ақпараттарды тыңдайды.

47-тармақ . Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің, Жоғарғы Сот алқаларының, Сот жюриі және Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасы төрағаларының ақпараты бойынша жалпы отырыс қаулыларының жобалары тиісінше комитетпен, сот алқаларымен, Сот жюриі және Судьялардың республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының төрағаларымен мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады және жалпы отырыс хатшысына отырыстың басталуына 10 күн қалғанға дейін ұсынылады.

48-тармақ . Судьяның бос лауазымына кандидатура баламалы негізде Жоғарғы Сот Төрағасымен ұсынылады және оларды талқылау, қызметке талапкердің анкеталық деректерін жариялаудан басталады. Әрбір кандидатура бойынша қорытынды Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санының көпшілік жасырын немесе ашық дауысымен қабылданады. Кандидатуралар бойынша лауазымға ұсыну немесе лауазымға ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылданады. Бір лауазымға бірнеше тұлғаларды ұсыну орын алған кезде олардың ішінен біреуін ұсыну құқығы Жоғарғы Сот Төрағасына беріледі.

49-тармақ . Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша жалпы отырыс сот төрелігін атқару кезінде төмен көрсеткіштерге ие болған немесе сот істерін қарау кезіндегі заң бұзушылықтары үшін екі не одан да көп тәртіптік жазасы бар Жоғарғы Сот судьясына, облыстық және оларға теңестірілген сот төрағасына қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды.

Талқылаудың нәтижелері бойынша жалпы отырыс Жоғарғы Сот судьясы, облыстық және оларға теңестірілген сот төрағасы жөніндегі материалдарды Сот жюриіне беру немесе беруден бас тарту туралы Қазақстан Республикасының Президентімен белгіленген Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санының көпшілік жасырын дауыс беруімен шешім шығарады.

50-тармақ . Судьяларды сайлау және делегат етіп жіберу туралы, сондай-ақ оларға ұсынымдар беру туралы қаулылардың жобаларын мемлекеттік және орыс тілдерінде кадр қызметі дайындайды, оған оның басшысы бұрыштама қояды және жалпы отырыстың хатшысына тапсырады, ол құжаттарды Жоғарғы Соттың Төрағасына қол қоюға ұсынады.

51-тармақ . Алғаш рет облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары лауазымына тағайындалғандар 2 айдан кешікпей тағайындалғаннан кейін жалпы отырыста судьяның антын қабылдайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы тұлғаның облыстық (оған теңестірілген) соттың төрағасы болып тағайындалуы туралы Жарлықты жариялап, оны ант қабылдауға шақырады. Ант салтанатты жағдайда мемлекеттік немесе орыс тілінде қабылданады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

52-тармақ . Регламент қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

53-тармақ . Жалпы отырыстың Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар оның отырыстарында қабылданады және қаулымен рәсімделеді.

54-тармақ. Осы Регламенттің ережелерін түсіндіру жалпы отырыспен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ